



## Құрметті студент!

2018 жылы «Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес - 3» бағытындағы мамандықтар тобының бітіруші курс студенттеріне Оқу жетістіктерін сырттай бағалау 4 пән бойынша өткізіледі.

Жауап парақшасын өз мамандығыңыздың пәндері бойынша кестеде көрсетілген орын тәртібімен толтырыңыз.

Мамандық шифры	Мамандықтың атауы	Жауап парағының 6-9 секторларындағы пәндер реті
5В050800	«Есеп және аудит»	1. Экономика қағидалары 2. Макроэкономика 3. Бухгалтерлік есеп принциптері 4. Басқару есебі

1. Сұрақ кітапшасындағы тестер келесі пәндерден тұрады:

1. Экономика қағидалары
2. Макроэкономика
3. Бухгалтерлік есеп принциптері
4. Басқару есебі

2. Тестілеу уақыты – 180 минут.

Тестіленуші үшін тапсырма саны - 100 тест тапсырмалары.

3. Таңдаған жауапты жауап парағындағы пәнге сәйкес сектордың тиісті дөңгелекшесін толық бояу арқылы белгілеу керек.
4. Есептеу жұмыстары үшін сұрақ кітапшасының бос орындарын пайдалануға болады.
5. Жауап парағында көрсетілген секторларды мұқият толтыру керек.
6. Тест аяқталғаннан кейін сұрақ кітапшасы мен жауап парағын аудитория кезекшісіне өткізу қажет.
7. - Сұрақ кітапшасын ауыстыруға;  
- Сұрақ кітапшасын аудиториядан шығаруға;  
- Анықтама материалдарын, калькуляторды, сөздікті, ұялы телефонды қолдануға  
**қатаң тиым салынады!**
8. Студент тест тапсырмаларында берілген жауап нұсқаларынан болжалған дұрыс жауаптың барлығын белгілеп, толық жауап беруі керек. Толық жауапты таңдаған жағдайда студент ең жоғары 2 балл жинайды. Жіберілген қате үшін 1 балл кемітіледі. Студент дұрыс емес жауапты таңдаса немесе дұрыс жауапты таңдамаса қателік болып есептеледі.

**Экономика қағидалары**

1. Экономикалық мақсатқа жатпайды:

- A) Толық жұмыспен қамту
- B) Адамдардың әл-ауқатын арттыру
- C) Экономикалық тиімділік
- D) Саяси тұрақтылық
- E) Философиялық, логикалық қызметтер
- F) Формациялық, әдістемелік, тәжірибелік
- G) Шаруашылық негіздері

2. Тауар айналысының формуласы:

- A) A№-T
- B) T-A -T
- C) A-T
- D) A- A№
- E) A-A
- F) A-T-A№
- G) T-T

3. Ерекше экономикалық заңдар дегеніміз:

- A) Шаруашылық жүргізудің нақты-тарихи формаларының заңы
- B) Әлеуметтік-өндірістік қатынастардың дамуын білдіреді
- C) Күнделікті іс-әрекетке байланысты ережелер
- D) Меншік құқықтарындағы мұраға қалдыру
- E) Шекті пайдалық қасиеті

4. Төмендегі тұжырымдаманың дұрысы:

- A) экономикалық заңдар адам санасына тәуелді, адамдар оларды белгілейді
- B) адамдар тәжірибесінде экономикалық заңдарды қолдану
- C) құқықтық заңдарға ұқсас
- D) экономикалық және табиғат заңдары
- E) экономикалық заңдар объективті түрде әрекет етеді, адамдар оларды танып-біліп, өз тәжірибесінде пайдаланады

5. Монополия нарығына сай жағдай:

- A) бір сатып алушы және көптеген сатушылар
- B) рыноктағы бір фирманың үстемдік етуі
- C) бірнеше ірі сатушылар мен көптеген шағын сатып алушылар
- D) жеке фирмалар
- E) бір сатушы мен бір тұтынушы

6. Рынок ұғымын түсіндіруге болады:

- A) Экономикадағы монополистік кәсіпкерлік еркіндігі
- B) Шектеулі ресурстарды тиімді пайдаланудағы ұдайы өндірістік қатынастар
- C) Өндірістік факторлардың еркін қозғаласы
- D) Тұтынушылар мен өндірушілердің өзара байланысын жүзеге асыратын орын
- E) Өндірістік қатынастардың реттелген жүйесі
- F) Еркін саудаға негізделген экономикалық жүйе
- G) Сауда саттық іске асатын жер аумағы

7. Бағалық емес бәсекенің құралдары:

- A) Нарықты зерттеу
- B) ҒТЖ қолдану
- C) Бәсеке қабілетті өнім сапасын жақсарту
- D) Балама өнімдерді сараптау
- E) Жәрмеңкелер өткізу
- F) Техника-технологияны тарту

8. Монопсония рыногына тән жағдай:

- A) бір сатушы көп сатып алушыларға қарсы
- B) монополиялық баға белгілеу
- C) аздаған сатып алушы көптеген сатушыға қарсы
- D) бір сатып алушыға қарсы көп сатушылар
- E) бір ғана сатушы және сатып алушы
- F) рынокта бір ғана сатып алушы

9. Монополиялық бәсекелестік нарығындағы баға қалыптасуға әсер ететін факторлар:

- A) тек ақшалай нысан
- B) тек өндірістік нысандар
- C) тек тауарлы нысан
- D) сатып алушылар ұсыныстардың айырмашылығын көретіндіктен әр түрлі тауарға әр түрлі баға төлеуге дайын
- E) бір мерзімде өндірістік және тауарлы нысандар
- F) келісімді біркелкі нарықтық бағамен емес кең диапазонды бағалармен жасайтын сатып алушылармен, сатушылардан құралады

10. Жиынтық ұсыныс қисығы:

- A) баға мен жиынтық шығыстар арасындағы қатынастарды сипаттайды
- B) баға мен нақты ЖҰӨ арасындағы қатынастарды сипаттайды
- C) бағалық емес факторлар солға немесе оңға қозғау арқылы өзгеріске келтіреді
- D) өндірілген және тұтынылған нақты ЖҰӨ арасындағы қатынастарды сипаттайды
- E) бағалық факторлардың әсері қисығының бойымен қозғалу кестесі арқылы көрсетіледі

11. Пайдалы заттар болып табылатын тауар:

- A) сату немесе айырбастау үшін өндірілген еңбек өнімдері, сату немесе айырбастау үшін өндірілген еңбек өнімдері
- B) үй шаруашылығының жинақталған мүлкі мен халықтың жинақтары
- C) барлық нарықтық субъектілердің нақты кассалық қалдықтары
- D) экономикалық цикл
- E) үй шаруашылығының берілген уақыт аралығында жұмсалынған табыстарының бір бөлігі
- F) құнды қағаздарға салынған табыстың бір бөлігі

12. Табысты жоғарылату үшін қажет:

- A) Өндіріс шығындарын төмендету
- B) Өндіріс шығындарын қысқарту
- C) Материал қорын молайту
- D) Өндіріс көлемін қысқарту
- E) Өндіріс шығындарын жоғарылату
- F) Өндірістік емес шығындарды жоғарылату

13. Негізгі өндіріс қорлары дегеніміз:

- A) Өндірісте бір рет ғана қолданылатын өнімдер
- B) Отын, энергия, жартылай фабрикаттар
- C) Станок, ғимарат, негізгі активтер
- D) Өндірістік циклда тек бір рет болатын материалдық заттар
- E) Шикізат, материалдар, жұмыс күші

14. Өндіріс факторларына сұраныс:

- A) тауар бағасына тәуелсіз
- B) тауар бағасына байланысты
- C) өзгеріссіз қалады
- D) әрқашан ұлғаяды
- E) әрқашан қысқарады
- F) өндіріс факторларының бағасына тәуелсіз

15. Жеке капитал айналымында капитал:

- A) тек өндірістік формада болады
- B) тек айналым стадиясында болады
- C) тек ақшалай формада болады
- D) бір формасына екінші формаға кезектеп көшуі
- E) тек тауар формасында болады
- F) әрқашан қозғалыста болады
- G) кезекпен 3 функция атқарады

16. АӨК негізгі саласы жер жырту технологиясы:

- A) Қопару тәсілі
- B) Қарапайым ирек тәсіл, қопару тәсілі
- C) Күрделі ирек тәсіл, күрделі ирексіз тәсіл
- D) Күрделі ирек тәсіл, сілтесіздендіру тәсілі
- E) Жер жырту тәсілі
- F) Қарапайым ирек тәсіл
- G) Ирексіз күрделі тәсіл

17. Экономикалық заңдар дегеніміз:

- A) табиғи ресурстардың қоры
- B) әлеуметтік-саяси қатынастардың экономикалық нормативтері
- C) проблеманы шешудегі адамдардың пікірі
- D) ғылыми зерттеудің ерекше әдістері
- E) объективті, тұрақты қайталанып отыратын ұдайы өндіріс
- F) адамдар қызметінің объективті және тарихи өтпелі заңы

18. Кірістер бойынша ЖҰӨ ішіне кірмейді:

- A) инвестициялар
- B) тұтыну шығындары
- C) пайыз
- D) тауарлар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алу
- E) үкімет шығыстары
- F) таза экспорт

19. Дж. Кейнстің теориясына сәйкес, экономиканың циклдылығы байланысты:

- A) Жиынтық сұранысқа басым әсер етуші факторларға
- B) Саяси факторларға
- C) Ұсыныстың динамикасына әсер етуші факторларына
- D) Адамдардың жинағын арттыруға бейімделуіне
- E) Табиғи факторлардың әсер етуіне
- F) Инвестициялық шығындардың тұрақсыздығына

20. Экономиканы мемлекеттік реттеу әдістері:

- A) Тікелей
- B) Жанама
- C) Мемлекеттік емес
- D) Микроэкономикалық
- E) Спорадикалық
- F) Ішкі экономикалық
- G) Теңестірілмеген
- H) Жоспарлы

21. Циклдық жұмыссыздық:

- A) сұраныс тапшылығына байланысты
- B) құлдырау кезеңінде болады
- C) ерікті экономика жағдайында болады
- D) тек қана дамыған елдерде болады
- E) тауарлар мен қызметтерге жиынтық сұраныс азайғанда болады

22. Бағаның өсу қарқыны тұрғысынан инфляцияның түрлері:

- A) қарқынды
- B) шығын
- C) құрылымдық
- D) сұраныс
- E) баяу
- F) ашық
- G) басылыңқы

23. Айналыстағы ақша көлемінің өсуіне тікелей әсер етеді:

- A) қолма-қол ақшасыз есептің өсуі
- B) шығарылатын өнім нарығындағы инфляция артуы
- C) бағалардың төмендеуі
- D) шығарылатын өнім бағасының өсуі
- E) нарықтағы шығарылатын өнім бағасының өсуі

24. Банктің белсенді операцияларына жатады:

- A) несие беру
- B) ақшаларды алмастыру
- C) салымдарды тарту
- D) алтын валюталы қорды сақтау
- E) несие төлемдерін бақылау
- F) несиелерді басқа банктер арқылы алу
- G) түрлі облигацияларды эмиссиялау

25. Еркін сауда саясаты – бұл:

- A) Ақша ұсынысының көбеюі, жиынтық шығындар мен жұмысбастылықтардың көлемін көбейту үшін несиенің арзандауы
- B) Кедендік тарифтердің болмауы
- C) Өнімдерді сату мен әскери бағытталған құралдар
- D) Экспорттық және импорттық субсидиялардың және квотаның болмауы
- E) Кедендік тарифтер мен квоталардың болуы
- F) Шетелдік бәсекеден ұлттық экономиканы қорғауға бағытталған саясаты
- G) Мемлекеттік шығындардың және салық салудың қойылымдарының көлемінің өзгеруі

**Экономика қағидалары**  
**ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**



## Макроэкономика

1. Макроэкономикалық саясат:

- A) Кадр саясаты
- B) Экологиялық саясат
- C) Сыртқы сауда саясаты
- D) Ақша-несие саясаты
- E) Бюджет-салық саясаты

2. ЖІӨ дефляторы:

- A) Теріс шама
- B) Нақты ЖІӨ-ге кері пропорционал
- C) Пааше индексі формуласымен есептеледі
- D) Ресурстарға байланысты
- E) Атаулы ЖІӨ-ге тура пропорционал

3. Макроэкономиканың зерттеу пәні:

- A) Инфляция деңгейін төмендету
- B) Нарықтық бағаны қалыптастыру механизмі
- C) Тұтынушы іс әрекетінің теориясы
- D) Тұрақты экономикалық өсу жағдайын қамтамасыз ету
- E) Мемлекеттегі жұмыссыздық деңгейі

4. Дж.М. Кейнстің ұстанымы:

- A) Мемлекет ақша жиынын ЖІӨ серпініне сәйкес реттеу керек
- B) Жеке мүддені абсолюттендіру, еркін қимылға экономиканы негіздеді
- C) Жиынтық ұсынысты ынталандыру
- D) Экономика ішкі (табиғи) заңдардың ықпалымен өзін-өзі реттейді
- E) Экономиканы дағдарыстан шығару
- F) Экономиканы мемлекет реттеу керек

5. Негізгі макроэкономикалық үлгі:

- A) S-D үлгісі
- B) Нарықтық үлгі
- C) IS-LM үлгісі
- D) Микроэкономикалық үлгі
- E) Манделл-Флеминг
- F) Солоу үлгісі

6. ЖІӨ өлшеу әдістері:

- A) Тұтыну құны
- B) Табыс
- C) Қосымша құн
- D) Нарықтық құн
- E) Таза пайда
- F) Аралық табыс
- G) Өзіндік құны

7. Жиынтық сұраныс көлемінің динамикасына әсер ететін бағалық факторлар:

- A) Пигу әсері
- B) Кейнс үлгісі
- C) Клейтон заңы
- D) Харрод-Домар үлгісі
- E) Кейнс әсері
- F) Кобба-Дуглас үлгісі

8. AD-ның бағадан тыс факторларына жатады:

- A) Байлық салдары
- B) Бағалар деңгейі
- C) Салық мөлшерлемесінің өзгерісі
- D) Импорттық тауарларды сатып алу салдары
- E) Бағалар деңгейінің өзгеруі
- F) Ақша ұсынысы
- G) Пайыз мөлшерлемесінің салдары

9. Қысқа мерзімдік кезеңде:

- A) Өндіріс факторлары толық пайдаланылмайды
- B) Бағаларды мемлекет белгілейді
- C) Жиынтық ұсынысты мемлекет белгілейді
- D) Жиынтық ұсыныс қозғалысы белгісіз
- E) Жиынтық сұраныс тұрақты
- F) Бағалар деңгейі өзгереді

10. Ұсыныс жағынан сілкініс болған жағдайда:

- A) Баға да, өнім көлемі мен жұмысбастылық та өседі
- B) Атаулы жалақы өседі және инвестициялық шығындар көбейеді
- C) Жиынтық сұраныс қисығы солға-төмен жылжиды
- D) Баға өседі
- E) Жұмысбастылық төмендейді

11. Кейнстің қарапайым мультипликатор үлгісі көрсетеді:

- A) Салық өсімінің жинақ өсіміне қатынасын
- B) Ақша массасы өсімінің, табыс өсіміне қатынасын
- C)  $1/1-b(1-t)$
- D) Табыс өсімінің инвестиция өсіміне қатынасын
- E)  $1/1-b$
- F) Табыс өсімінің мемлекеттік шығын өсіміне қатынасын
- G) Инвестиция өсімінің жинақ өсіміне қатынасын

12. Кейнс кресі үлгісіндегі іс жүзіндегі өнім шығару көлемі  $Y_1$  тепе-теңдік

$Y_0$  көлемнен артса, онда:

- A) Тауарлы материалдық қор қысқарады
- B) Тауарлы материалдық қор өседі
- C) Жиынтық сұраныс жиынтық ұсыныстан артық болады
- D) Фирмалар өндіріс пен жұмысбастылықты ұлғайтады
- E) Фирмалар тұтынушылар сатып алуға дайын көлемнен аз шығарады

13. Ақша ұсынысын азайту туралы шешім қабылдау үшін Ұлттық банк:

- A) Міндетті резервтер мөлшерлемесін арттыруы мүмкін
- B) Есептеу мөлшерлемесін көбейтуі мүмкін
- C) Ақша басып шығаруы мүмкін
- D) Кәсіпкерлік құрылымдарды қаржыландыруды арттыруы мүмкін
- E) Ашық нарықта мемлекеттік облигацияларды сатуы мүмкін
- F) Ашық нарықта мемлекеттік облигацияларды сатып алуы мүмкін

14. Дж.М. Кейнс бойынша ақшаға сұранысты туындататын, өтемпаздыққа артықшылық берудің себепті уәждері:

- A) Алыпсатарлық
- B) Делдалдық
- C) Трансұлттық
- D) Сұраныс
- E) Экзогенді
- F) Трансакциялық
- G) Ескерту

15. Төлем балансының негізгі құрылымының құраушысы:

- A) еңбек санының есебі
- B) әлеуметтік есебі
- C) елдердің шығаратын тауарларының есебі
- D) ресми резервтердің өзгерісі
- E) капитал қозғалысының есебі

16. Графикте LM қисығынан жоғары жатқан нүктелерде:

- A) Ақша ұсынысы оның сұранысынан көп
- B) Ақшаға сұраныс оған ұсыныстан көп
- C) Ұлттық табыс көлемі жоспарланған шығындардан кем
- D) Тауарлы- материалдық қордың өсуі байқалады
- E) Ақшаға тапшылық байқалады
- F) Игіліктер нарығында артықшылық

17. Графикте IS қисығынан жоғары жатқан нүктелерде:

- A) Тауарлар мен қызметтерге сұраныс ұсыныстан көп
- B) Ұлттық табыс көлемі жоспарланған шығындардан аз
- C) Ақша ұсынысы оның сұранысынан көп
- D) Тауарлар мен қызметтерге сұраныс артық
- E) Тауарлар мен қызметтерге ұсыныс сұраныстан көп

18. Инфляция қарқынын төмендету шаралары:

- A) Депрессия
- B) Дефлятор
- C) Дефляция
- D) Рецессия
- E) Инвестиция
- F) Девальвация
- G) Дезинфляция

19. Жұмыссыздықтың табиғи деңгейі:

- A) Циклдық және фриktionдық жұмыссыздықтарының айырмасы
- B) Фриktionдық және циклдық жұмыссыздық сомасы
- C) Фриktionдық және құрылымдық жұмыссыздықтарының айырмасы
- D) NAIRU
- E) Жұмыссыздықтың тұрақты деңгейі

20. Экономикалық іскерлік цикл:

- A) ұсыныстың өзгеруі
- B) тауар бағасының өзгерісі
- C) өндірістің өзгеруі
- D) инфляцияның өзгеруін айтамыз
- E) сұраныстың өзгеруі
- F) сұраныс қисығының өзгерісі

21. Ашық экономикада макроэкономикалық саясаттың мақсаты:

- A) Жұмыспен толық қамтуға және төлем балансының нөлдік сальдосына қол жеткізу
- B) Бейрезиденттерге тауар мен қызмет сатудан түсетін барлық түсімді көрсету
- C) Сауда балансының жай-күйін бейнелеу
- D) Ішкі макроэкономикалық реттеулер
- E) Тіркелген валюта бағамы жағдайында капиталдың абсолютті икемділігі
- F) Ауыспалы валюта бағамын көтеру

22. Ағымдағы операциялар бойынша Қазақстан мемлекетінің балансында тапшылық болса:

- A) Тапшылық қаржыландырылады
- B) Фиксалдық саясат жүргізіледі
- C) Экспорт көлемі қысқартылады
- D) Импортқа салық салынады
- E) Экспорт көлемі ұлғайтылады
- F) Экспорт қаржыландырылады
- G) Ауыспалы валюта бағамы көтеріледі

23. Шағын ашық экономикаға қатысты пікірлері дұрыс:

- A) Таза экспорттың мөлшері ұлттық кіріске тәуелді
- B) Ұлттық жинақ ақша инвестицияға тең болады
- C) Импорттың мөлшеріне тәуелді
- D) Инвестициялар мөлшері әлемдік пайыз мөлшерлемесіне тәуелді
- E) Таза қызметтер мен таза ағымдағы трансферттер оң мөлшерді құрайды
- F) Сауда балансының сальдосы міндетті түрде нөлге тең
- G) Жабық экономика шығысы мультипликатор мөлшеріне тең
- H) Импорттың мөлшері импорттауға шекті бейімділікке тәуелді

24. Егер неміс маркасының долларға шаққандағы бағасы (1 марка) 50-ден 45 центке түссе, онда Германияда бағасы 150 маркамен сатылатын магнитофонның құны (доллармен) қалай өзгереді?

- A) Әр маркадан 5 центке кемиді
- B) 15 долларға өседі
- C) 7,50 долларға өседі
- D) 10 долларға түседі
- E) Құны 67,5 доллар болады
- F) 7,50 долларға азаяды
- G) 15 долларға арзандайды

25. Тұрғындардың өсуінсіз және технологиялық прогрессіз тұрақты жағдайдағы дұрыс тұжырымдама:

- A) Бір жұмысшыға шаққандағы инвестиция бір жұмысшыға шаққандағы капиталдың тозуына тең
- B) Жиынтық ұсыныс қысқа мерзімді кезеңде қарастырылады
- C) Еңбек өнімділігі артып, өндірілген өнім көлемі ұлғая түседі
- D) Бір жұмысшының жинақтауы бір жұмысшыға шаққандағы капиталдың тозуына тең
- E) Бір жұмысшыға шаққандағы капитал көлемі уақыт кезеңінде тұрақсыз болып қалады
- F) Капиталмен қарулануы неғұрлым жоғары болса, инвестиция көлемі соғұрлым жоғары болды

**Макроэкономика**  
**ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

## Бухгалтерлік есеп принциптері

1. Қаржылық есептілік элементтері:

- A) Негізгі құралдар
- B) Қаржылық нәтиже
- C) Өзіндік құн
- D) Активтер, міндеттемелер
- E) Капитал
- F) Материалды емес актив
- G) Кірістер мен шығыстар

2. Шығындар танылады:

- A) Кәсіпорын экономикалық тиімділік алу ықтималдылығы болған жағдайда
- B) Жалақыны есептегенде немесе негізгі құралдар мен материалды емес активтер бойынша амортизацияны есептегенде
- C) Активтер бойынша экономикалық тиімділік артуы немесе міндеттемелердің кемуі жағдайында
- D) Активтер өсімі мен міндеттемелердің кемуі бойынша экономикалық тиімділіктің артуы орын алған жағдайда
- E) Экономикалық тиімділік кеміп, міндеттемелер артқан жағдайда
- F) Жабдықтаушылар алдында міндеттемелер пайда болғанда

3. Дт 1310 Кт 3310 бухгалтерлік жазбасы нені білдіреді:

- A) Материалдарды шығысқа шығаруды
- B) Жеткізушілерден материалдың келіп түсуін
- C) Материалдарға түзету енгізуді
- D) Баланс активі мен пассивінің артуын
- E) Материалдардың артуы және міндеттемелердің артуын

4. Шаруашылық операциясы деп аталады:

- A) Материалды емес активтерді сатып алу
- B) Мүліктер мен қорлану көздерінің кез келген қозғалысы мен өзгерісі
- C) Мүліктер мен қорлану көздерінің қозғалысы мен өзгерісінің құжатпен рәсімделген фактісі
- D) Тауарлы-материалды құндылықтарды алу
- E) Біртектес шаруашылық операцияларының жиынтығы
- F) Өндірістік қорларды әзірлеу
- G) Материалды емес активтердің келіп түсуі

5. Басқалардың алдында борышкер болатын кәсіпорын:

- A) Жеткізушілер
- B) Салық органы
- C) Сатып алушы
- D) Жеке кәсіпкер
- E) Кредиторлар
- F) Борышкерлер

6. Дт 1010 Кт 1210 шаруашылық операциясы білдіреді және жатады:

- A) Бірінші типтік өзгерісті
- B) Дебиторлық берешектің кемуі мен кассадағы ақша қаражаттарының артуын
- C) Төртінші типке
- D) Екінші типке
- E) Үшінші типке
- F) Баланс пассиві ішінде орын ауыстырулар болуын

7. Баланстың пассив жағында келесілер туралы ақпарат ашылып көрсетіледі:

- A) Қаржылық жағдай
- B) Ұзақ мерзімді активтер
- C) Инвестиция
- D) Қысқа мерзімді міндеттемелер
- E) Болашақ кезең шығындары
- F) Ұзақ мерзімді міндеттемелер

8. Шаруашылық операциясы типін анықтау: «Пайдаланылмаған жиынтықтаушы бұйымдар өндірістен қоймаға қайтарылды»:

- A) III типтік өзгеріс
- B) Баланс активі мен пассиві артты
- C) Баланс активі кеміді
- D) Қоймада жиынтықтаушы бұйымдар артты, өндірісте кеміді
- E) Баланс активі ішінде орын ауыстырулар болды
- F) IV типтік өзгеріс
- G) I типтік өзгеріс



9. Есепті цикл деп аталады:

- A) Шаруашылық операцияларының талдауынан бастап, қаржылық есептілік құрылғанға дейінгі есеп үрдісінің кезеңдіренің кезектілігі
- B) Шаруашылық операцияларын талдаудан бастап, уақытша шоттардың жабылып, қаржылық есептілік құрылғанға дейінгі есеп үрдісінің кезеңдері кезектілігі
- C) Есеп үрдісін жүргізудің кезектілігі
- D) Бастапқы құжаттардан басталып, қаржылық есептілік құруға дейінгі есеп үрдісінің кезеңдері кезектілігі
- E) Бастапқы құжаттарды толтырудан бастап, шоттардың жабылып қаржылық есептіліктің формаларын құрастырғанға дейінгі есеп үрдісінің кезеңдерінің кезектілігі

10. ДТ 2410 КТ 3310 бухгалтерлік жазуы мынаны білдіреді:

- A) Баланс активінің кемуі мен пассивінің артуын
- B) Негізгі құралдар үшін ақша қаражаттарының келіп түсуін
- C) Негізгі құралдар есептен шығарылуын
- D) Жеткізушілерден негізгі құралдардың келіп түсуін
- E) Баланс активі мен пассивінің артуын
- F) Негізгі құралдар бойынша амортизация есептелуін
- G) Баланс активі мен пассивінің кемуін

11. Дт 1210 Кт 3130 бухгалтерлік жазу мынаны білдіреді:

- A) Өндірілген тауар бойынша ҚҚС қайта есептелді
- B) Дебиторлық берешекетің артуы және қосылған құн салығының артуын
- C) Баланс активі мен пассивінің кемуі
- D) Өндірілген тауар бойынша ҚҚС есепке алынды
- E) Дебиторлық берешекетің азаюы және қосылған құн салығының азаюы
- F) Өнімнің нақты өзіндік құнын есептен шығару

12. Пассивті шоттар мынаған арналған:

- A) Еңбекақы есептеу үшін
- B) Өзге материалдарды сатып алу үшін
- C) Міндеттемелер мен меншікті капитал есебін жүргізу үшін
- D) Тек салықтар есебі үшін
- E) Мүліктердің қалыптасу көздері мен мақсатты пайдалану есебін жүргізу үшін
- F) Мүліктердің қалыптасу көздерінің жағдайы мен қозғалуының есебін жүргізу үшін
- G) Негізгі құралдар есебі үшін

13. Жария етілген жарғылық капитал шотының корреспонденциясы:

- A) Дт 1010 Кт 5010
- B) Дт 5110 Кт 5030
- C) Дт 5110 Кт 5030
- D) Дт 5020 Кт 5110
- E) Дт 5010 Кт 5110
- F) Дт 2410 Кт 5110

14. Бухгалтерлік есептің мемориалды ордерлі формасында ұйымның бухгалтерлік балансы мынаның негізінде құрылады:

- A) Аналитикалық шоттар бойынша айналым ведомості негізінде
- B) Айналым-қалдық ведомості негізінде
- C) Жинақтамалы шоттар бойынша айналым ведомості және сальдолық-айналым ведомості негізінде
- D) Сынақ балансы негізінде
- E) Трансформациялық кесте негізінде
- F) Түзетпе жазулар негізінде

15. Ұйымның қаржы жағдайы туралы есептілігі мына көрсеткіштерді анықтауға мүмкіндік береді:

- A) Ұйым рентабельдігін
- B) Капитал салымдарының құнын
- C) Сатылған өнімнің өзіндік құнын
- D) Ұйым мүлігінің қалыптастыру көздерінің жалпы құнын
- E) Ұйымның айналым қаражаттарының және меншікті қаражаттарының жалпы құнын
- F) Ұйым мүлігінің жалпы құнын

16. Ұйымның қаржылық жағдайын сипаттайтын көрсеткіштер жүйесі көрсетеді:

- A) Ұйымның қардылық тұрақтылығын
- B) Баланс өтімділігін
- C) Меншікті қаражат көлемін
- D) Қаражат көздерінің артықшылығы мен жетіспеушілігін
- E) Кредиторлық берешекті
- F) Міндеттемелерді
- G) Дебиторлық берешекті

17. Өтеу мерзімі бойынша активтерді былайша бөлуге болады:

- A) Ұзақ мерзімді және айналымнан тыс
- B) Қысқа және ұзақ мерзімді
- C) Ағымдағы және айналымдағы
- D) Ұзақ мерзімді
- E) Ағымдағы және қысқа мерзімді
- F) Айналымдағы
- G) Айналымнан тыс және ағымдағы

18. Сатып алушылар мен тапсырыс берушілерден есеп айырысу шотына аванс келіп түсті. Бухгалтерлік жазуын көрсетіңіз:

- A) Дт 1030 Кт 3510; Дт 1030 Кт 4410
- B) Дт 1040 – Кт 3010
- C) Дт 3510 – Кт 1040
- D) Дт 4410 Кт 1030
- E) Дт 1010 Кт 1030

19. Есеп айырысу шотын ашу үшін ұсынылатын құжаттардың бірі болып табылады:

- A) Банк көшірмесі
- B) Қолма-қол жарна хабарландыру
- C) Шот ашу үшін өтініш
- D) Ұйымның салық төлеуші ретінде салық ұйымында тұратындығын растайтын, салық ұйымының анықтамасы
- E) Төлем тапсырмасы

20. «Кассадан аударылған ақша қаражаттарының» бухгалтерлік жазуын көрсетіңіз:

- A) Дт 1010 Кт 3350
- B) Дт 3310 Кт 1010
- C) Дт 1010 Кт 3130
- D) Дт 1010 Кт 1030
- E) Дт 3010 Кт 1030

21. «Жеткізушілерден қорлар келіп түсіп, төлем ақысы төленбеген» жағдайда берілетін бухгалтерлік жазуды көрсетіңіз:

- A) Дт 1320 Кт 3310
- B) Дт 1330 Кт 1030
- C) Дт 2410 Кт 3310
- D) Дт 1330 Кт 3310
- E) Дт 1310 Кт 3310
- F) Дт 2730 Кт 3310
- G) Дт 1320 Кт 1010

22. Қорлар бағаланады:

- A) Неғұрлым ең көп таза пайда бойынша
- B) Өзіндік құнның төменгі мәні бойынша
- C) Таза сату құны бойынша
- D) Нарықтық баға бойынша
- E) Неғұрлым ең көп өзіндік құн бойынша
- F) Өзіндік құнның төменгі мәні бойынша және таза сату құны бойынша

23. Қорлар – бұл актив түріндегі:

- A) Негізгі құралдар
- B) Міндеттеме
- C) Тауарлар, дайын өнімдер
- D) Аяқталмаған өндіріс
- E) Шикізат пен материалдар, отын және басқа да қорлар

24. ДТ 1315 КТ 3310 бухгалтерлік жазуының мәні:

- A) Жеткізушілерден басқа да материалдар келіп түсті
- B) Жіберілген материалдар бойынша ҚҚС ескерілді
- C) Материалдар үшін аванстар есепке алынды
- D) Негізгі құралдар жеткізушілерден келіп түсті
- E) Жеткізушілерден материалдар келіп түсті

25. Қорлардың өзіндік құнын бағалау әдістерінің қайсысы инфляция кезінде неғұрлым жоғары деңгейдегі таза пайданы береді :

- A) Орта мөлшерленген әдісі
- B) Қорларды алғашқы сатып алу бағасы бойынша бағалау әдісі
- C) ЛИФО
- D) Қорларды өзіндік құнын соңғы сатып алу бағасы бойынша есептеу әдісі
- E) ФИФО

**Бухгалтерлік есеп принциптері  
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

## Басқару есебі

1. Бухгалтер –талдаушының басқарушылық үрдістегі рөлі:

- A) бухгалтер-талдаушы менеджерлер мен басқарманы қандай аймақтарда жоспарлы көрсеткіштер орындалмай қалғаны туралы ақпарат береді
- B) есеп саясатына өзгерістер енгізу үшін бұйрықтар әзірлейді
- C) әр есепті мерзімде қаржылық есептілік нысандарын әзірлейді
- D) басқару аппаратын өндірістің қандай құрылымдарында жоспарлы көрсеткіштер орындалмағаны жөнінде ақпарат береді
- E) оның қызметінің нәтижесінде құрылымдық бөлімшелердің қызметі бағаланады

2. Басқару есебі жатқызылмайтын аймақ:

- A) өндіріс шығындарының есебі мен қорларды бағалау
- B) шығындардың жоспарлы көрсеткіштерден ауытқуын талдау
- C) өндіріс шығындарының есебі мен өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау
- D) салықтық міндеттемелерді есептеу
- E) өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау

3. Басқару есебіне қатысты:

- A) қосылған құн салығын есептеу
- B) өзіндік құн калькуляциясының есебі
- C) жарнама шығындарының есебі
- D) ақпараттарды сыртқы пайдаланушыларға ұсыну
- E) ұйымның әкімшілігі мен менеджерлерін қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету
- F) күмәнді берешектерге резерв есептеу
- G) өндіріске кететін шығындар есебі және калькуляция

4. Тұрақты шығындар – бұл:

- A) белгіленген уақыт мерзімінде апарылатын және өндіріс көлемінің релевантты диапазонында өзгеріссіз қалатын шығындар
- B) өндіріс көлемінің релевантты диапазонында өзгеріссіз қалатын шығындар
- C) инфляция әсер етпейтін шығындар
- D) жаңа өнімді жарнамалаумен байланысты шығындар
- E) өнім көлемі өзгерсе де тұрақты болып қалатын шығындар

5. Өнімді (жұмысты, қызметті) өндіруге кеткен шығындар олардың экономикалық мазмұнына сәйкес келесі элементтер бойынша топтастырылады:

- A) тікелей және жанама шығындар
- B) материалдар, еңбек ақы төлеу, сақтандыру аударымдары, үстемешығындар
- C) сақтандыруға аударымдар, еңбек ақы төлеуге кеткен шығындар, құралдардың тозуы, материалдық шығындар, басқадай шығындар
- D) материалдық шығындар, еңбек ақы төлеуге кеткен шығындар, сақтандыруға аударымдар, құралдардың тозуы, басқадай шығындар
- E) еңбек ақы төлеуге кеткен шығындар, сақтандыруға аударымдар, құралдардың тозуы, материалдық шығындар, басқадай шығындар

6. Келесідей шығындар элементтерін бөліп көрсетеді:

- A) табыстар мен шығындар арасындағы айырмашылық
- B) материалдық шығындар (қайтарылған қалдықтардың құнын шегере отырып);
- C) шығыстар
- D) пайда
- E) әлеуметтік қажеттіліктерге аударымдар; негізгі құралдардың амортизациясы
- F) еңбекақы шығындары; басқа да шығындар

7. Есепке алынған үстеме шығыстар екі әдіспен бөлініп таратылады. Алдымен шығарылған өнім түрлері арасында бөлінеді:

- A) кеңсе қажеттіліктерін сатып алу шығындары
- B) ҒТП іздеу шығындарына
- C) жаңалық ашу шығындары
- D) қызмет көрсетуші жұмысшылардың еңбек ақысы
- E) жабдықтарды пайдалану шығындарына
- F) өндірістің сынамалы үлгілерін өндіру шығындары

8. Өндірістік өзіндік құнға қосылмайды:

- A) кепілдендірілген қызмет ету мерзімі бекітілген бұйымдарға кепілдік жөндеу және қызмет көрсету шығындары
- B) жалпы және әкімшілік шығындар
- C) жалпы және әкімшілік шығындары, сату шығындары, сыйақы түріндегі шығындар
- D) өндіріске жұмсалынған барлық шығындар
- E) жаңа өнім және технологиялық процесс түрлерін дайындау және игеру шығындары
- F) сату мен сыйақы түріндегі шығындар

9. Есепті кезеңде техникалық бақылауға алынған және қоймаға өткізілген өзіндік материалдармен қоса, тапсырыс берушілердің материалдарымен өңделген дайын бұйымдардың құны; тараптарға жіберілген өзіндік өндірістің шалафабрикаттарының құны, сондай-ақ кәсіпорынның негізгі құралдарын толықтыруға бағытталған өнім – бұл:

- A) шикізаттар мен материалдар
- B) аяқталмаған өнім
- C) тауарлық өнім
- D) тауарлар
- E) қорлар
- F) жалпы өнім
- G) жиынтық өнім

10. Келесі операциялардың қайсысы шығындар ретінде танылуға тиіс:

- A) аяқталмаған өндіріс аяқталды
- B) жабылмаған зиян танылды
- C) дайын өнімді сату; әкімшілік қызметкерлердің еңбек ақысы есептелу және төлеу
- D) тауарларды сатудан түскен түсім
- E) тауарларды өндіріске жатқызу
- F) шикізаттар мен материалдарды өндіріске енгізу

11. Фирма менеджерлері қабылдайтын шешімдерді келесідей топтастыруға болады:

- A) күрделі шешімдер
- B) менеджмент қызметінің шешімі
- C) орта қиындықты шешімдер (қызметін, аумағын ағымдағы нақтылау, мерзім қысымы бойынша шешім, арнайы жағдайлардағы шешім)
- D) ситуациялық, рутиндық, ведомстволық, орта қиындықты шешімдер
- E) маркетинг қызметінің шешімі
- F) ситуациялық, рутиндық, ведомстволық шешімдер
- G) баға құру бойынша шешім

12. Нормативтік әдіс бойынша шығындар есебі жүргізіледі:

- A) Шығындардың норма бойынша және нормадан ауытқу есебін бөлек жүргізілуі
- B) Шығындардың нақты жұмсалуды бойынша жүргізілуі
- C) Шығындардың жоспар бойынша есебін жүргізу
- D) Шығындардың нормасы және одан ауытқуларды қосу
- E) Нақты шығындардың есебін жүргізу

13. Дайын өнім (жұмыстар, қызметтерді) сатудан алынған табыс сомасы қай шотта есептеледі:

- A) 6000
- B) 6120
- C) 6011
- D) 6110
- E) 6010
- F) 6250

14. «Стандарт-кост» жүйесі шығындар есебінің нормативтік әдісінің жалғасы ретінде:

- A) баға мен баға саясатын құру мақсатында құрылады
- B) анықталған өзіндік құн ретінде
- C) өзіндік құн пайда болған ауытқуда жеке көрсетілмейді
- D) тұрақты шығындардың айырмасы ретінде
- E) маржиналды табысты анықтайды
- F) болашақ кезең шығындар сметасы құрудың алдында жүйені толықтай қайта қарау бір жылда жүргізіледі
- G) шығындар ауыспалы және шартты-ауыспалы болып бөлінеді

15. «Директ-костинг» жүйесінің мәні:

- A) өнімнің өзіндік құны бекітілген смета бойынша есептеледі
- B) өнімнің өзіндік құны
- C) өнімнің өзіндік құны айнымалы бөлігі бойынша жоспарланады және есепке алынады
- D) өнімнің өзіндік құны есепке алынбайды
- E) өнімнің өзіндік құны жартылай айнымалы, жартылай тұрақты болып жоспарланады және есепке алынады
- F) өнімнің өзіндік құны есепке алынады
- G) өнімнің өзіндік құны тұрақты шығындар бөлігі бойынша жоспарланып және есепке алынады

16. Компания айнымалы шығындар бойынша калькуляциялау жүйесін пайдаланады. Келесі жылға айнымалы шығындар 60%, ал тұрақты шығындар сату көлемінің 10% мөлшерінде белгіленді. Сату бағасы мен айнымалы шығындардың 10% артуы маржиналды табыс пен залалсыздық нүктесіне қалай әсер етеді?

- A) маржиналды табыс артады, залалсыздық нүктесі төмендейді
- B) маржиналды табыс төмендейді, залалсыздық нүктесі төмендейді
- C) залалсыздық нүктесі төмендейді, маржиналды табыс артады
- D) маржиналды табыс өзгермейді, залалсыздық нүктесі артады
- E) маржиналды табыс артады, залалсыздық нүктесі өзгермейді
- F) залалсыздық нүктесі төмендейді, маржиналды табыс төмендейді
- G) дұрыс жауап жоқ



17. Залалсыздықты талдау шешімді қабылдауға көмектеседі:

- A) Ұйымды жою жөнінде.
- B) Жеке өнім түрлерін өндіруді тоқтату туралы.
- C) Өндіріс көлемінің қажеттілігі туралы.
- D) Жаңа өнім түрін өндіру туралы.
- E) Қызметті мүлдем тоқтату туралы.

18. Гамма химиялық сұйықтығынан Альфа және Бетта өнімдерін алады. Ай бойында 1500 литр Гамма өңделіп, одан 1000л Альфа және 500л Бетта алынды. Ай бойындағы кешенді шығындар 45000а.б. құрады. Ай басында және ай соңында дайын өнім қалдығы болған жоқ. Бөлу нүктесіндегі өнім бағасы: Альфа – 60а.б./л, Бетта – 50а.б./л. Бетта өніміне бөлінген кешенді шығындар мөлшерін сату құны әдісі бойынша анықтаңыз.

- A) 35000а.б.
- B) 13235 а.б.
- C) он үш мың екі жүз отыз бес
- D) 13235
- E) 45000а.б.
- F) дұрыс жауап жоқ
- G) 11250а.б.

19. Бюджеттеу принциптері:

- A) шығындар
- B) бюджет жүйесінің тұтастығы. Бюджеттік жүйелер деңгейлері арасындағы табыстар мен шығыстарға шек қою. Бюджеттің дербестігі
- C) шығыстар
- D) қызметтер
- E) жұмыстар
- F) өнімдер

20. Табыстар мен шығындар бюджетін құру:

- A) баланс бюджеті дайындалғанға дейін жасалады
- B) үстеме шығындар бюджеті құрылғанға дейін жасалады
- C) салық агенті сұранысы бойынша жасалады
- D) экономикалық есептеулер бойынша менеджермен жүргізіледі
- E) ақша қаражаттар бюджеті құрылғанға дейін жасалады
- F) коммерциялық шығындар бюджеті құрылғанға дейін жасалады
- G) операциялық бюджет жасаудың соңғы сатысы

21. Ұйым кезең бойына 800 өнім бірлігін өндіріп, сатады:

Өнім бірлігінің сату құны – 500 теңге.

Өнім бірлігін өндіруге кететін тікелей айнымалы шығындар – 300 теңге.

Компанияның қызметі зиянсыз болатын кезеңдегі тұрақты шығындардың шамасы құрайды (теңге):

Ұйым кезең бойына 800 өнім бірлігін өндіріп, сатады.

Өнім бірлігінің сату құны – 500 теңге. Кезең бойындағы тұрақты шығындар – 40 000 теңге. Компанияның қызметі зиянсыз болатын кезеңдегі өнімді сату бағасы құрайды (теңге):

Өнімді сату көлемі 12 000 бірлік деп жоспарлағандағы табыс 840 000 теңгені құрайды. «Икемді бюджет» әдісін қолдана отырып 10000 өнім бірлігінің сату көлемін анықтаңыз.

A) тапсырыстың барлық нұсқаларына бірдей құн

B) 24 000

C) 40 000

D) 700 000

E) 16 000

F) 98

22. «Өндіру немесе сатып алу» тапсырмасын шешу:

A) бос қуаттарды қалай қолдануға болатынына негізделеді

B) есептеулер толық шығындар бойынша жасалады

C) негізгі материалдарға нарықтық баға негізінде анықталады

D) сапалы факторға байланысты - қарапайым қуат

E) өндіріс бойынша шығындарды өлшегеннен кейін шешіледі

23. Трансфертті баға құрылу әдістері:

A) мақсаттар сәйкестігін қамтамасыз ету, оған жеткенде қанағаттану

B) ішкі есептеулерге база ретінде шығындар, нарық бағасы, келісім бойынша баға ескеріледі

C) мақсаттар сәйкестігін қамтамасыз ету, оған жеткенде қанағаттану, бөлімшелер автономдылығы

D) нарықтық негізде, шығындар негізінде, келісімді

E) айнымалы шығындар бойынша өзіндік құн, толық шығындар бойынша өзіндік құн

F) жоспарлы баға, болжалды баға

24. Өндірістен алынған қайтарылатын қалдықтардың бағаланауы:

A) Шекті бағамен

B) Мүмкін болатын өткізілу бағасымен

C) Мүмкін сатылу бағасымен

D) Шығарылған шикізаттың төмен құнымен

E) Келісім бағамсымен

F) Қалдықтарға белгіленген бағамен

25. Капитал салымдарын іске асырудағы шығындар:

- A) Есепті кезең шығындарымен танылады.
- B) Есепті кезеңдегі жұмсалынған шығындар бойынша танылады.
- C) Салық кезеңінің шығындарымен танылады.
- D) Тізбектік кезең шығындарымен танылады.
- E) Әкімшілік шығындармен танылады.

**Басқару есебі**  
**ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**